

№23 (1090)

11 маусым,
бейсенбі

2015 ЖЫЛ

Ұлттық академиялық кітапхана
Мерзімді
басылымдар залы

Газет 1994 жылғы қаңтардың 28-інен шыға бастады



ТҮРКІСТАН

Біздің электронды пошта: turkestan_gazeta@mail.ru

Біздің сайт: www.turkystan.kz

Халықаралық саяси апталық

Елбасымыздың соңғы кездері туған тарих тақырыбына орала беруді жайдан-жай емес екені бірімізге белгілі. Біз тәуелсіздіктің ширек ғасырға жуық уақытын артқа салдық. Жаңа тәуелсіз мемлекеттің іргесі берік қаланды. Отандық экономика нақты шыңдыққа айналды. Әлеуметтік әлеуетіміз айқындалды. Енді дамудың рухани саласына көбірек көңіл бөлудің қажеттігі туып отыр. Бұл бағытта тарихи сананы қалыптастыру аса маңызды дегіміз келеді. Біз кім едік, кіміміз, кім боламыз деген мәселелер қоғам алдында тұрғаны аян. Бұл арада ғасырларға жалғасқан төрт тарихымызды білу ерекше мәнді болуымен қатар жасампаздығы мен қиыншылығы жеткілікті өткенімізден тиісті тағылым ала білу әлдеқайда маңызды болып отыр.

Патшалық Ресей де, кешегі кеңестік насихат та қазақ халқының тарихын білгісі де, білдіргісі де келмеді. Отандық зерттеушілер бел шешіп төл тарихымызға бара алмады, аяқты бастырмады. Атақты тарихшы Ермұхан Бекмахановтың ауыр тағдырының өзі бізге жетіп артылады. Бүгінгі күні де біздің тарихымызды, тіпті бес жүз жылдан асқан мемлекеттімізді мойындамаушы көршілер жоқ емес.

Тарихшылардың жазғанына қарағанда, б.з.д. III мыңжылдықтан XIV ғасырдың аяғындағы Алаша хан, Алып Ер Тоғға (Афрасияб), Оғыз хан, Жошы хан, Өз-Жәнібек хан және Орыс (Ормәмбет) хан сияқты қазақ тарихында аты аңызға айналғандарды қоспағанда XV-XVIII ғ.ғ. 39 қазақ билеушілері және ұлттық тәуелсіздікті сақтап қалу үшін күрес дәуірінде 10 хан қазақ даласын басқарған.

Елуге жуық билеушісі болған қазақ халқының тағдыры жазба тарихымыздың кенжелігінен және түрлі себептермен ғасырлар қойнауында қалғанымен ауызша тарихтың байлығы көп нәрсені ел жадында мәңгілік қалдырды. Алайда ауызша тарихтың өзіндік ерекшелігі де болады, ол өткенді саралап, таңдап қана жеткізеді. Сондықтан біздерге санаулы ғана хандардың аты, тыныс-тірлігінің жетуінің жөні бар.

Осындай жағдайда ұлттық тарихтың тағдыр шешті кезеңінің бастауы болған Қазақ хандығының – 550 жылдығын атап өту туралы Елбасы ұсынысының жер-жерде қолдау тауып жатқаны жайдан-жай емес. Бұл ұлттымыздың шынайы мақтаншын етер, тиісті тағылым алар ұлы оқиғасы екені даусыз. Қазақ хандығының құрылуы XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы әлеуметтік-экономикалық және этносаяси дамудың нақты нәтижесі деген пікірге толық қосыламыз. Бұл хандық, бір жағынан, Қазақстан аумағында бұрын болған мемлекеттік құрылымдардың заңды мұрагері болса, екінші жағынан, қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт болып ұйыса алғанының толық дәлелі бола алады.

Осыдан бес жарым ғасыр бұрын қазақ осы аймақта алғаш хандық құрса да, ресми сөздер мен құжаттарда қазіргі Қазақстанды «көп ұлтты мемлекет» деген кешегі кеңестік кездегі терминнен арғыла алмай келеміз. Бұл белгілі жағдайда мемлекет құраушы бірден-бір қазақ ұлтының тиісті мөртебесін төмендетеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, Қазақстанда жалғыз ғана ұлт бар, ол – қазақ ұлты. Мұны тарих дәлелдеген болатын, ал қалған халықтар этнос өкілдері.

Түініндей айтқанда, осыдан бес жарым ғасырдай уақыт бұрын ежелгі қазақ жерінде орнаған қазақ хандығы заманына сай тұңғыш ұлттық мемлекеттіліктің үлгісі болуымен, сойтіп алғаш рет қазақ елі әлемдік адамзат қауымдастығының бір бөлігіне айналудың маңызы бар. Мұндай бақыт кең келген елдің еншісіне бүгінгі заманда да тиіп жатқан жоқ. Тағдырға шүкіршілік, таубе!

Тарихымыз қазақ халқын ұйыстыра отырып, мемлекетіміздің атак-абройына өлшеусіз үлес қосқан хандардан кенде емес. Олар туралы, әсіресе соңғы кезде көп айтылып жүр. Дегенмен, бүгінгі күндері қазақ хандығы десек, ауызға алдымен XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы – қазақ халқының күлденген әрі әлеуметтік мерейі арта түскен айрықша бетбұрыс болған Өз Тәуке хан кезеңі түседі. Бұл жайдан-жай болған жоқ еді. Бұл дәуір бас-аяғы 35 жылдай ел басқарған, кабинет-карымы жеткілікті, көреген саясаткер, дана дипломат, осы қасиеттері үшін халқы шынайы сезіммен апына «Өз» деген атау қосқан Тәуке ханмен тікелей байланысты болатын. Оның жемісті билік жүргізуі хандық өктемдікпен не әскери күшпен емес, ақылдылықпен, тапқырлықпен, халықтық дәстүрді сақшы білумен ұштасып жатты. Сондықтан да оның аты үш жүзге мәлім болды, ғасырлар қойнауынан бізге еркін жетті.

Белгілі тарихшы Жамбыл Артықбаевтың «Қазақ хандығы: тарихы, тағдыры және тағылымы» атты (Астана, 2015. – 181б.) кітабында берілген Өз Тәуке заманындағы мемлекеттік биліктің құрылымына сүйене отырып, сол кездегі қазақ мемлекеттігінің қандай болғаны және біздер одан қандай тағылым алуымыз керек деген мәселе-лерді ой сарабынан өткізуге тиіспіз. Өз Тәукенің саяси көргендігі хандық жүйені шебер ұйымдастыруынан айқын байқалады. Мемлекеттік билік маңайына ең алдымен қара халықты жарып шыққан, өздерінің парасаттылығы және әділеттілігімен айқындалған, қалың жұртшылықтың сеніміне ие болған үш жүз көсемдері мен шешендері, билері мен бағырлары топтастыра отырып, Өз Тәуке бүкіл халықты ұйыстыра, қоғамда ұжымдық сананы қалыптастыру үшін дала демократиясының мүмкіндігін тиімді пайдалана білді. Бұл хандықтың бірлік-берекесін арттырып, бір орталыққа топтаса түсуіне игі әсер етті.

Сол кездегі қазақтың ең жоғары билік жүйесіндегі лауазым Хан болды. Ол саяси-ұлыстық билік деңгейінде мұрагерлік және сайланбалы дәстүрмен жүзеге асты. Хан Ордасының қызметін арнайы ақылы ағалықтар жүргізген. Бүгінгі тілмен айтқанда, бұл өкімшілік аппаратты сардарлар, елшілер, дін басы – қожалар, жасаушылар мен күзет қызметіндегілер, қала шаруасын басқаратын әкімдер және кеңсе қызметкерлер құраған.

Өз Тәукенің заманы «Жеті жарғы кеңесі» аталатын заң шығарушы органмен де ерекшеленеді. Оның құрамы үш жүзге аттары әйгілі, солардың атынан сөйлейтін, беделі халық алдында ханнан артық болмаса, кем болмаған Төле, Қазыбек, Әйтекелер бар Ордалық билерді, қарақалпақ, қырғыз, қатаған, жайма т.б. қоңсы елдердің өкілдерін, ұлы сұлтандары мен кіші (келте) хандарды және шариғат заңдарының білгірі – хазіреттер мен қазиларды біріктірген. Ескерте кететін бір мәселе – билер белгілі жағдайда демократиялық жолмен сынақтан өтіп, өздерінің шынайы болмысымен кенестен орын алып отырған. Міне, осындай шынайы дала демократиясының көрінісі болған «Жеті жарғы кеңесі» кейінгі талай ұрпаққа «Жеті жарғы» атауымен құқықтық мұра қалдырды. Ал кешегі кеңес көсемдері әлемдегі ең мықты демократия – кеңестік демократия деп кеуде қаққан 70 жылдық тарихта Қазақстанда қабылданған 450-дей заңдардан нені ұстап, нені пайдаланғанымызды айта алмаймыз.

«Хандықтың іргетасы» атты құрылымда мемлекет туралы ақпараттың негізгі көзі – шежіреші қариялар, ата баласына басшылық жасайтын белгілі адамдар, елдің талап-тілегін хан алдында жасқанбай айтатын жырғаулар және халық мүддесін қорғайтын ауыл ақсақалдары болған.

Хан Ордасы мен «Жеті жарғы кеңесінің» бір ерекшелігі оларда хандық-мемлекеттік саясатты тарқатып, халық арасына жеткізіп отыратын құрылымдар болған. Олар – дін басы және шариғат заңдарын білетін дін қызметкерлері. Бұл ол заманда ел ішінде кеңінен тарап, жұртшылықты рухани жағынан біріктіре түсетін, руруға бөлінуге тосқауыл қоятын әлеуметтік институттардың біріне айналды. Дінді ұтымды пайдалану мақсатымен Тәуке хан мемлекеттік билікке арнайы Пір (рухани көсем) лауазымын енгізді. Өзі сайланғаннан кейін Тәуке хан қазақ тарихында алғаш таңдау жолымен аты мәшһүр, сөзі уәзі, аузы дуалы Мүсірәлі Жәдікұлының Туран елінің хан ордасындағы Бас пірі болғандығы туралы жарлық береді. «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясының» I-томның 644-бетінде: «Азан шақырып қойған аты Мүсірәлі, руы керейт болғанымен дінде шын берілген сопылығы мен тақуалығына орай Әжіқожа, ал оның ұрпақтары керейтқожа аталып кеткен. 1680 ж. Құл-төбеде Тәуке хан сайлағаннан кейін аршына пір таңдалды» деп жазылған.

Мүсірәлі Жәдікұлының Қазақ мемлекетінің алғашқы Бас пірі болуы сол кездегі қазақ қоғамының даму бағыттарына есте жат құбы-

лыс емес-тұғын. Бйқалды дін өкілдерін жанына жақындатып, қазақ елінде діни мектептердің, медреселер мен мешіттердің ашылуына терең мән беріп, мұсылман дінін мемлекеттік идеологияның өзекті тармағы ретінде шебер пайдалану Өз Тәукенің ел билеу саясатындағы өзіндік қолтаңбасы еді. Алайда Өз Тәуке туралы жазған тарихшылар осы шыңды жайларды қаға беріс қалдыра береді. Бәлкім, кешегі кеңестік кезеңнің салқыны болар.

Біз Ислам дініне де сүйенген ол дәуірді идеалдап отырғанымыз жоқ. Болған, осы кезге дейін жазылып келген мәліметтерді ғана айтып отырмыз. Шындығына келгенде

– халықты билік маңына ұйыстыра түсетін мемлекеттіліктің маңызды компоненттерінің бірі демекпіз.

Тәуке хан дәуірі мен «Жеті жарғы» кейін «Дала конституциясы» деп те аталған бұл әлеттік-құқықтық нормалар жиынтығы сол кездегі қазақ заманы талаптарына сәйкес, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатынан, халық мүддесін қорғау және қоғамды басқаруың қажеттігінен туындаған аса маңызды қарым-қатынастарды реттеген болатын. Бұл сонымен қатар ежелден келе жатқан дәстүрлі әлеп-тұрып тәртіптері мен «Тәуке ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан өрі

қоғамында 1867-1868 жылдары Ресейдің Уақытша Ережелері енгізілгенге дейін негізгі заңдық құжат міндетін атқарды. Ал оның бірсыпыра қағидалары XX ғасырдың басына дейін қолданылып келді.

Өз Тәукенің тұсында хандық құрылымда тағы бір мемлекеттік орған болған. Ондай жалпы халықтық жиын, мәслихат «Қаз» деп аталған. Оның құрамына Орда билері, Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің жоқта ағалары жалайыр, тарақты және табын, ата баласының атынан сөй-

ласы орталығының бір жерінде өткізу дәстүрге айналған.

Әкінішке қарай, осындай дала демократиясының озық үлгілерінің ғұмыры ұзақ болмады, кейін жалғасын таппады. Оның бірнеше себептері болды. Ең бірінші, Өз Тәуке марқұм болғаннан кейін көп ұзамай мемлекеттік билік маңайындағы талас-тартыс қайта басталады. Елдің мүддесін өз мүддесіне биік қойған мансап құрар сұлтандар ұйып отырған Туран елінің берекесін кетіреді. Бүкіл халықтық кеңестерді та-

дай жазылды. Бұл қазіргі мемлекетіміздің, Елбасымыздың да сара саясаты болып отыр.

Ал быыл қабылданғанына 20 жыл толатын Конституциямыз жаңа заман талабына сәйкес жоғары билік жүйелеріне жаңа тұрпатты жаңалықтар алып келді. Ата занымызға бұрын-соңды қазақ тарихында болмаған мемлекеттік биліктің ең жоғары лауазымы – Президенттік институт енгізіліп, «Президент» атты III бөлімнің 40-бабында «Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға» деп жазылды. Тәуелсіздік жылдар президенттік институттың өміршеңдігін толық дәлелдеді. Мен 9 жылдай Мәжіліс депутаты кезімде 10 шақты шет елде болдым. Сонда байқағаным, біз Қазақстаннан келдік десек, ондағылар Назарбаев деп қосып жатады. Бүгінгі шындығымыз Елбасымыздың атымен тығыз байланысты болып отыр.

Әу бастағы ойымызға қайта оралайық. Хандық жүйедегі «Жеті жарғы кеңесі» қазіргі Заң шығарушы органның алғашқы нұсқасы деуге болады. Саяси сахнаға келгеніне 20 жылдай уақыт болып қалған Қазақстан Республикасының Парламенті 2 мыңдай Заң қабылдап, қоғамдық қатынастың барлық салаларын құқықтық жағынан айқындады. Кешегі кеңестік жүйе мойындамаған, елімізде жаңа қайтапасақан Парламент әлемдік парламентаризмнің негізгі қағидаларын жүзеге асырып келеді. Алайда бүгінгі Заң шығарушы органға қатысты екі мәселе туралы өз пікірімізді білдіре кетсем деп едім. Біріншіден, қазіргі қоғамымыздың онан ары демократияландыру, оның саяси жүйесін жетілдіру тусы Парламенттің өкілеттігін, әсіресе оның бақылау функциясын арттыруы қажет етеді. Екіншіден, парламенттік сайлау жүйесін тек партиялық негізде құру жетімсіз. Мұны, бір жағынан, қоғамымыздың бағыт-бағдарына айқындап, оның кезеңін ең алғашқы құжаттында – 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда»: «Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет» деп тайға таңба басқан

ратып, жеке билікке көшеді. Ал жеке билік бар уақытта тиімді де тиісті нәтиже бере бермейді. Екіншіден, ел ішіндегі алауыздық өзеге жем етті. Жаугершілік заман ес жинатпаған кездер аз болмады. Әсіресе, солтүстігіміз бен шығысымыздағы ұлы көршілеріміз кейде бақытымыз болса да, кейде сорымыз да болғаны белгілі. Ал қазақ даласының бірте-бірте патшалық Ресейдің отарына айналуы мемлекеттілікті жойды. Еркін дамуымыз тежелді. Сөйтіп әлемдік өркеніеттен кенже қалдық. Тіпті мемлекет, ұлт ретінде жойылып кету қаупі де болмай қалмады. Әлеуметтік әділеттілікті ту етіп ұстауды мұрат еткізіп келген кеңестік кезең де қазақ халқының мемлекеттілігіне тиісті үлес қоса алмады.

Тарихымызда төрт ғасырдай өмір сүрген қазақ хандығы мен тәуелсіз мемлекетімізді салыстыра отырып, кейбір қағидаларды мәселелердің ортақ екеніне көз жеткізуге болады. Кешегі хандық заманда да халық бірлігі, ұлт тұтастығы аса маңызды болса, шынайы бетбұрыс, шын тағдыр шешті кезеңнің ең алғашқы құжаттында – 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда»: «Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет» деп тайға таңба басқан

ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫН ТҮЗГЕН ӨЗ ТӘУКЕ

мұрасы әлі күнге өміршеңдігін жойған жоқ



дінсіз мемлекет те, мемлекетсіз дін де бола қоймайды. Оған кәрі тарих куә. Әңгіме діни қалай пайдалана білуде жатыр. Сонымен қатар қандай мемлекет болмасын ол идеалсыз, соған лайықты идеологиялық құрылымсыз өмір сүре алмайды. Ол

жетілдірген жаңа заңдар жүйесі еді. Осыған сүйене отырып, қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Бұдан кейінгі хандар тұсында арнайы заң жүйесі жасалмағандықтан «Жеті жарғы» қазақ

лейтін билер, жауынгер жасақтың таңдаулы өкілдері, ірі ұлыстардың және ру-тайпалардың, олардың әскери жасақтарының басшылары өсір-ген. Хандықтың өзекті мәселелерін талқыға салатын мұндай жиындарды жыл сайын күз айларында қазақ да-

АЛАШТЫҢ БАСЫН ҚҰРАҒАН

хандар бейнесі жыраулар жырында жан-жақты сомдалады

Мұхтар Әуезов бір сөзінде: «Жыраулардың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айта да, көптің мұңы, көптің жайы туралы айтылады» деген екен. Әрі қысқа, әрі нұсқа сөздерінде мол мағына, терең ой салып, адам жанының жаймашуақ кезеңін, тұнық сұлуын мөлдiрiп, қыраның қияға самғағанын, еліктің еркелігін, бағыр жүректің дүрсiлiн жеткізген жыраулардың жарқын жырларында айтуыр біз түбіне жете алмай келе жатқан бір сыр бар. Фәлсафа дейсіз бе, өсиет өрнегі дейсіз бе толғауларында тоқсан ой түйісіп, сексен сыр сырғып сұядай ағып жатады.

Хандар мен сұлтандарды кезінде жауларына қайрап салып, керек болса тоқтау салып, ақыл қосып, ашуларын басып, алды-артын аңғартқан, елдің бірлігін, бүтіндігін ойлаған, тыныш амандық жасайтын жыраулар елін Шығысында былай қойып, бүкіл Еуропа позиясынан таба алмайсыз. Бұл құбылыс тек қана қазақ халқының маңдайына біткен бақ. Хандар дәуірінен көп құжаттар қалмаған, дегенмен жыраулар хандар келбетін көркем сөзбен салып кеткен Жиембет жырау:

Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім, сені есірткен –
Есіл менің кенесім.
Ес білгеннен – Есім хан,
Қолына болдым сүйесім,
– деп Есім ханды түбесіне келтіреді, екпінін бадалы. Сол XV ғасырда айтылған толғаулы, түйінді сөздер бүгінгі заманның үндерімен, талаптарымен үйлесіп жатқан жоқ па. Өз уақытының асқан данышпаны болған Асанқайғы атамыз (XV ғ.) болашаққа болжам жасап, қабырғасы сөгілгенше халқы ойлап, Жәнібек ханға: «Ойыл кездің жасы еді... Ойылдан елді көшірдің, Жемде кеңес қылмадың... Еділ деген қиянға, еңкейіп келдің тар жерге», – деп күрсініп, күніреніп тіл қатады. Сөйтіп, ханның бей-берекет мінезін қатты сыға алады.

Ашу-дұшпан, артынан,
Түсіп кетсең қайтесің,
Түбі терең қуысқа? – деп, ханды игілікті істерге, қайырымды, мейірімді жолға шақырады. «Арғымаққа міндім деп, Артық топтан аласа! Күнiнде өзiм болдым деп Кенейiлге таласа! Артық үшiн айтысып, Достарымын санаспа! Ғылымды жұрттан асты деп, кенесiсiз бастама! Жетенiң деп бiреуi; өтiрiк сөзбен қыстама!», – дейтiн Асанқайғының жыр толғауында тобықтай түйiн бар. Жыраулар денi өтiлдi шешкен, әрi бағыр, әрi көсем, әрi әскер басы, ақылды ақын болған. Қазтуған, Доспамбет, Шалқын жыраулар болат қылыш асығанан, арғымақтың талдай мойнын талдыртқан, күніреніп күн түбеге жортқан нағыз баһадүрлердің ғұмырын күшінде санатына жатады. «Дулығамның төбесі туған айдай болмаса, Батыршылық сүрмен-ді» батыр жігіт деп елінің, жерінің тұтастығын ойлаған. «Бір жақсымен дос болсаң, азбас-тозбас мүлкі етер. Бір жақсымен дос болсаң, – Күндердің күні болғанда Бар ғаламға күлкі етер» деген жырау жолдарында өмірші ояу, өрнекті жыр, өрісті тілек тоғысқан. Жиембет жырау (XVII ғ.) арғымақ үстінде талай ерлігін елте пап етіп, өр мінезімен хан бетін де қайтарып отырған.

Менімен, ханым, ойнаспа,
Менің ерлігімді сұрасан.
Жолбарыс пен аюдай
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асу тайындай.
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай мен қайындай... – дейді.

Бұл нағыз бас бағыр, бағыл да өжет жырауларға біткен мінез еді. «Бөгенбай өліміне», «Бөгенбай өлімін Абылайға естірту» толғауларында Үмбетей жырау (1706-1778) қажымас, қайратты батырларды кейінгі ұрпаққа өнеге етіп жырлайды.

XVIII ғасырдың көрнекті өкілдерінің бірі Қалқаман батырдың баласы – Бұхар жырау. Аласаңар заманда ғұмыр кешкен, елінің тағдырын еміреніп ойлаған, айтқандары ел аузына тарап кетсе, ақылгөй, данышпан жырау «Керей, қайда барасың?» «Ей, Абылай, Абылай!» толғауларында халқының қамын ойлап, аз сөзге көп мағына сыйғызған заманының ірі әлеуметтік мәселелерін қозғап, даудың түйінін тарқатып, ішшімін өз айған Бұхар жыраулар парасат биігінен, ой тереңдігінен көрінген. Абылайды бала жасынан білетін жырау:

Қырқ беске келгенде,
Жаман мен жақсы демедім,
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласын
Атының басын бір кезеге тіредің, – деп Абылайды қолбасын, қолбасы ретінде орында мадақтайды. Жырауға ел тағдыры, ел бірлігі қымбат еді. Сол үшін де Абылайдың кемшін тұстарын жасырмай бетіне айтады. Халық пен хан арасы алшақтап бара жатса жырау дөңкер сөзін айтып, бірлікке, тұтастыққа шақырады. Ханды Бөгенбай, Қабанбаймен салыстыра кетіп, халық батырларын арқа тұтуға шақырады. Абылайдың беделді биік тұстары да толғауына қосалды.

...Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге,
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз
Арманың бар ма хан ием?
Мәртебелі төбеге,
Жауыңды алып жайладың,
Жеті күн кіріп ұрысқа,
Өлімге басты байладың.
Қазақ хандығының 550 жылдығына орай баспасөз беттерінде біршама материалдар жарияланды. Елбасымыз Ұлытауда берген сұхбатында: «Қазақ хандығы біздің еліміздің түп-тамыры. Бұл тұңғыш мемлекетіміздің болашағын белгілеген үлкен тарихи оқиға. Біздің болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» деген еді. Жәнібек пен Керей бабаларымыз қалаған Қазақ хандығының 550 жылдығы – сандарған ғасырлардан бері тамыр тартып, енді мемлекеттік деңгейде өтетін мерекеге айналды отыр. Ғалымдар қауымы соншалықты мәртебелі мереке қарсаңында іргелі зерттеулерге бас қойған. Қазақ хандырының тағдырлары бір-біріне ұқсасмайтын айта кетіміз керек.

Қазақ хандарының арасында билікке таласып, таққа ұмтылғандардың тағдыр талғетіне ұшырағандары да болыпты. Солардың бірі – әйгілі Қасым ханның баласы Жәлім сұлтанның үшінші ұлы Тұрсын Мұхаммед хан. Тұрсын хан Есім ханмен соғысып, Ескерткенді қырып салды. Сонында Тұрсын хан, Қазіретін қашып, Ташкент түбіндегі Абай жеріне барғанда өзінің нөкерлерінің қолынан қаза табады. Дәл сол оқиға болғандықтан түндегі Абай жеткен Төлеген жыры ханды ұйқысынан оятып, былай дейті:

Ей, қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды елті ұрсын.
Жетім елді жылатқан,
Жер тәңірісін жатырсын.
Хан емесің – қатынсың,
Қазақ елді – қапылсың.
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалын жеткен пақырсын.
Көңбесің де көнерсін,
Иманыңды айт, өлерсін.
Еңсегей бойлы ер Есім,
Шашқалы тұр қаныңды,
Алғалы тұр қаныңды,
Кешікпей сонан көрерсін,
– деп ескерту жасаған көрінеді. Осылайша жікшілдік әрекетке кіріскен Тұрсын ханның тағдыры аянышты күйде аяқталған.

Академик Манаш Қозыбаев Тарқұмның XX ғасырда өмір сүрген Әбдіғапар ханы туралы: «... Ауыр заманда тұ көтерген ерлердің бірі Әбдіғапар данқ үшін әмір болмады, ел есімін атады, ол көнді, Отан үшін жанын пида етіп, шүберекке байлады. Патша жөндеттерінен аман қалған Әмір Әбдіғапар большевиктік экстремизмнің құрбаны болды...», – деп жазған еді.

Патша әскерімен талай рет шайқасқа түскен, ақсақалдар шешімімен Торғайға хан сайланған Әбдіғапар халықпен бірлесіп, ақылдасып, билеудің жолын қарастыраған сауатты да, білімді хан еді. Фай-зола ақын «Әбдіғапар хан» дейтін толғауында:

Хан болған он үш болыс үш Торғайға,
Жігіттің сұлтаны еді-ау Әбдіғапар,
Еске алсаң елжірейді жүрек-бауыр,
Дүниеге сирек келер ондай тәуір,
Сабырлы, ақыл несі, білімге бай,
Ерекше бір белгісі – мінезі бай – деп толғаған, тебірене жырлайды.

Мінекей, қазықтан соңғы ханы саналатын Әбдіғапардың да тағдыры аянышты аяқталды. Десек те, қазақ хандарының тарихы ел аузында, халық аңыздарында, жыраулар жырында қалып қойды. Өлі де талай әңгіме, дастандар, хикаялардың беті ашылар, кітаптар жазылып деген үміттіміз. Қазақ хандығының 550 жыл қарсаңында айтылатын, жазылатын сөз, орнайтын ескерткіштер алда деп білеміз.

Әгереш әскерімен талай рет шайқасқа түскен, ақсақалдар шешімімен Торғайға хан сайланған Әбдіғапар халықпен бірлесіп, ақылдасып, билеудің жолын қарастыраған сауатты да, білімді хан еді. Фай-зола ақын «Әбдіғапар хан» дейтін толғауында:

Хан болған он үш болыс үш Торғайға,
Жігіттің сұлтаны еді-ау Әбдіғапар,
Еске алсаң елжірейді жүрек-бауыр,
Дүниеге сирек келер ондай тәуір,
Сабырлы, ақыл несі, білімге бай,
Ерекше бір белгісі – мінезі бай – деп толғаған, тебірене жырлайды.

Мінекей, қазықтан соңғы ханы саналатын Әбдіғапардың да тағдыры аянышты аяқталды. Десек те, қазақ хандарының тарихы ел аузында, халық аңыздарында, жыраулар жырында қалып қойды. Өлі де талай әңгіме, дастандар, хикаялардың беті ашылар, кітаптар жазылып деген үміттіміз. Қазақ хандығының 550 жыл қарсаңында айтылатын, жазылатын сөз, орнайтын ескерткіштер алда деп білеміз.

Патша әскерімен талай рет шайқасқа түскен, ақсақалдар шешімімен Торғайға хан сайланған Әбдіғапар халықпен бірлесіп, ақылдасып, билеудің жолын қарастыраған сауатты да, білімді хан еді. Фай-зола ақын «Әбдіғапар хан» дейтін толғауында: